

Егіндікөл – Қаратөбе ауданындағы көл және елді мекен. Егіндікөл – «бұлақ суынан бастау алған көл» деген мағынаны білдіретін моңғол тілінен енген сөз. Сол жерді мекен еткен Сейтектер Есенаман тауының етегіне егін салып, тарыдан жылма жыл мол өнім алып отырған. Көгеріп шыққан көп тары көрінеді екен, содан бұл жер Егіндікөл аталған – деп те айтады.

Егіндікөл ауылдық округі әкімшілігі – Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылдық округі әкімшілігі. Егіндікөл жері солтүстігінде Шыңғырлау ауд., Алмаз ауылының жерімен, шығысында Ақтөбе обл., батысында Қоскөл ауылы, ал оңтүстігінде Ақтайсай ауылымен шектесіп жатыр. Аудан орталығы Қаратөбеден 75км. жерде. Округ орталығы Егіндікөл ауылы. Жер көлемі 129 мың шаршы шақырым. Халқы 1841(2008 жыл). ҚР «Жергілікті өкілетті және атқарушы органдары туралы» Заңының 48 бабына сәйкес 01.1994 ж. бастап селолық округ әкімшілігі құрылған. Әкімшілік қарамағында 311 үй, 15 шаруа қожалығы, олардың жеке шаруашылығында 2412 бас ірі қара, 3162 қой – ешкі, 174 жылқы бар. Округтегі 1 орта мектеп жатақханасымен, 1 негізгі мектеп, 1 дәрігерлік емхана, 1 фельдшерлік – акушерлік пункт, 1 мәдениет демалыс орталығы, 1 селолық клуб, 2 кітапхана, 15 орындық «Балбұлақ» балабақшасы халыққа қызмет етеді. Егіндікөл ауылдық округі құрылғанға дейін селолық кеңес жұмыс жасаған.

Егиндыколь-озеро и населенный пункт Каратобинского района. Егиндыколь-это слово из монгольского языка, означающее "озеро, которое берет начало из булакской воды". Сейтектер Есенаман населял этот район, сеял на подножие горы и из года в год собирал много урожая. Поэтому так эта земля была названа Егиндыколь.